



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ

ИБИ: іскерлік белсенділік өсу аймағында қалды

2025 жылғы маусымдағы іскерлік белсенділік туралы
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі

Астана қ.

2025 жыл, 4 шілде

2025 жылдың **маусым айында** іскерлік белсенділік көрсеткіші **50,6** болып, бәсеңдеді (мамырда 51,4).

Белсенділік өндіріс, қызмет көрсету және сауда салаларында сақталғаны байқалды, бұл салаларда көрсеткіштер тиісінше **51,7, 51,2** және **51,4**-ті құрап, оң аймақта қалды (мамырда — 53,5, 51,1 және 52,4). Құрылыс пен кен өндіру өнеркәсібінде іскерлік белсенділік теріс аймақта қалды. Құрылыста индекс **44,7** құрады (мамырда — 49,6). Кен өндіру өнеркәсібінде төмендеу үрдісі айтарлықтай байқалған жоқ — мамырдағы 48,9-дан маусымда **48,1**-ге түсті.

1-график. Іскерлік белсенділік индексінің динамикасы (ИБИ)*



* Көрсеткіш мәні 50-ден жоғары болса — оң өзгерісті, төмен болса — кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты алшақ (жоғары немесе төмен бағытта) болса, көрсеткіштің өзгеру қарқыны (артуы немесе кемуі) соғұрлым жоғары болады.

2025 жылғы маусымда **бизнес-ахуал индексі (БАИ)** де төмендеді. Бизнес жүргізудегі қазіргі шарттар мен келешек шарттарға қатысты оптимизмнің төмендеуі есебінен БАИ **11,6** дейін төмендеді. Дегенмен бизнес-цикл «сағатының» индикаторы өсу аясында қалды.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өніміне/қызметіне сұраныстың өсу қарқыны баяулау үрдісін жалғастырып келеді. Ең жоғары сұраныс өндірісте байқалды.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz